

ISSN 1999-4214 (print)
ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№1/2025

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2025

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Туркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 27.03.2025 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курсыжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 27.03.2025 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**

Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**

Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

Editorial Board

- Aimuhambet Zh.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Aktayeva K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
- Absadyk A.A.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Bredikhin S.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
- Гайнуллина Ф.А.** Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
- Yermekova T.N.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
- Yesirkerova K.K.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
- Zhusipov N.K.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
- Kurbanova M.M.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
- Kamzabekuly D.** Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
- Kuryshzhan L.A.** Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
- Oner M.** Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
- Pimenova M.V.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
- Seifullina F.S.** Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
- Senmez O.F.** (PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev

Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 27.03.2025 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БЕРГІБАЕВА Д.Қ., КЕНЖЕҒАЛИЕВ С.А., ӨМІРБЕКОВА Ж.Қ.	Жеке тұлғаның ділдік лексиконы	7
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., САРЫБАЕВА Б.Ж., УАЙХАНОВА М.А.	Ұлттық құндылықтардың интернет-түсіндірмелердегі көрінісі: дәстүр мен жаңашылдық	16
КЕМБАЕВА А.Т., ЖҰБАЙ О.С., ЖАКИПОВА М.Н.	Тілдік тұлға дискурсындағы когезия мен ретроспекция тәсілдері	25
MURATBAIEVA I.S., ABDRAKHMANOVA ZH.A.	Colorative vocabulary as a term-forming component in the composition of metaphORIZED terms (using the example of the adjective «golden»)	35
САДЕНОВА А.Е., АЙТБАЕВА Б.М., КАРЫБАЕВА С.Е.	Тіл меңгертудегі диалогтардың деңгейлік динамикасы	44
ШАЛШЫКБАЕВА Г.О., ДҮЙСЕКОВА К.К., БАКТИЯРОВА Р.М.	Авиация кәсіби дискурсының конститутивтік ерекшеліктері	54

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АБДИКАРИМ Н., АСҚАРОВА А.Ш., ҮМБЕТБЕКОВА К.М.	Абай өлеңдерінің поэтикалық ішкорпусын құрудың маңыздылығы	64
ABDYKHANOVA G.T., ABDYKADYROVA T.R., AGABEKOVA ZH.A.	M.KH. Dulaty and the people of art	73
АБИШЕВА Ш., КЕНБАЕВА А.З., ӘБДІМАНАПОВА М.Б.	Топонимдік аңыздар ертегілік емеспрозаның ерекше жанры ретінде (түркі халықтарының топонимдік аңыздары мысалында)	89
АЙТУГАНОВА С.Ш., САРСЕМБАЕВА С.А.	Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі симулякрдың көркемдік қызметі (Д. Жылқыбайдың әңгімелері негізінде)	100
ӘБДІҒАППАРОВА Ж.Ж.	Отарлық кезеңдегі діни ахуал және Шайыр Шәдінің «Назым Сияр Шәриф» дастаны	110
ҚАЙЫРБЕКОВА А.Қ., ТАКИРОВ С.У., ТОЛЕУБАЕВА К.А.	М. Мағауин прозасының танатопоэтикасы	121

ҚОҢДЫБАЙ М.М., ӘБДИМАНҰЛЫ Ө., ТИРАДО Р.Г.	Әнші-ақындар шығармашылығындағы сипатының көркемдік ерекшелігі	сұлулық	132
САУРЫҚОВ Е.Б., ТАМАБАЕВА Қ., ЕЛУБАЕВА Р.	Шерхан Мұртаза мен Шәкәрім Құдайберді діни тұжырымдарындағы ортақ сарындар		142
СЕЙІТМАН С.М.	Абай елі мен алаш қаласының рухани сабақтастығы және қазақ поэзиясындағы бейнесі		155
ТҰЯҚБАЙ Т., ТҰЯҚБАЕВА Р.	Абай мен Гёте: данышпандар диахрониясы		165

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –
МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ –
METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АУҒАНБАЕВА М.С., МАМАЕВА Г.Б.	Студенттердің сөйлеу мәдениетін дамыту әдістері		175
ТАУБАҒАЕВ З.Т., SULTAN Y., DAUTOVA G.R.	The role of artificial intelligence in forming stereotypes in intercultural communication		185

Ш. АБИШЕВА¹ 

*А.З. КЕНБАЕВА² 

М.Б. ӘБДИМАНАПОВА³ 

Ш. Есенов атындағы Каспий Технологиялар және Инжиниринг Университеті, Ақтау,
Қазақстан¹

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан²

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан³

(e-mail: abisheva_sharapat@mail.ru¹, takeshi_aynur@mail.ru², mereke.bakhbergenova@mail.ru³)

***ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАР ЕРТЕГІЛІК ЕМЕС ПРОЗАНЫҢ ЕРЕКШЕ ЖАНРЫ РЕТІНДЕ (ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ТОПОНИМДІК АҢЫЗДАРЫ МЫСАЛЫНДА)**

Аңдатпа. Бұл мақала түркі халықтары прозасының топонимдік аңыздарын ертегіге жатпайтын жанр ретінде, жекелеген топонимдік нысандардың аталу себептері туралы бірегей фольклорлық мотивтерді зерттеуге арналған. Топонимдік аңыздар халық этимологиясының жарқын үлгісі бола отырып, оларды шығарған халықтың менталитетін көрсетеді, тарихи-географиялық және этномәдени ақпараттары бар топонимдер туралы мәліметтерді қамтиды.

Бұл ғылыми жұмыстың мақсаты – қазақ, қарақалпақ, татар халықтарының аңыз-әңгімелеріндегі географиялық нысандардың атауларын анықтау, бұл аңыздардың неліктен топонимдік шығармаға жататынын ұғыну.

Түркі халықтарының аңыздарын зерттеу барысында көптеген топонимдік аңыздардың сюжет құраушы бөлігі болып табылатын тарихи және халыққа танымал тұлғалардың есімдерімен байланысты екені анықталды. Топонимдік аңыздардағы сюжеттер бір мотивті болып саналғанмен, олар фантастикалық элементтерді қамтиды. Топонимдік аңыздарда, тарихи аңыздармен салыстырғанда, нақты сюжеттік құрылым, оқиғаның орын алған уақыты мен орны және тарихи фактілерге бағыт-бағдар болады.

Жұмыста келтірілген салыстырмалы, салғастырмалы талдау әдісімен алынған нәтижелер, сондай-ақ, жекелеген топонимдік нысандар атауларының қалыптасуы туралы әңгімелердің талдаулары қазіргі уақыттағы түркітілдес елдердің аумағында орналасқан әртүрлі жерлердің көне атауларын беруімен маңызды. Зерттеуге материал ретінде қазақ, қарақалпақ және татар фольклорының әртүрлі басылымдарда жарияланған аңыз-әңгімелерінің үлгілері алынды.

Түйін сөздер: топоним, фольклор, топонимдік аңыздар, топонимдік сюжет, тарихи аңыз, тарихи тұлға.

Кіріспе. Фольклор мен топонимиканың өзара әрекеттесу мәселелері халықтық рухани мәдениеттің осы салаларында ауқымды зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерінде бірнеше рет көтерілді. Фольклорлық шығармалардағы топонимдердің қолданыс ерекшеліктеріне, топонимдер мен топонимдік аңыздарға байланысты жасалған

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландырумен «BR24993043 Қытай және өзге де Шығыс елдері дереккөздеріндегі көне түркі топонимдері – қазіргі түркі интеграциясының түп негіздерінің бірі: тарихи-этимологиялық, лингвистикалық көрінісі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

мәтіндердің ерекшеліктеріне қатысты мәселелер зерделенді. Егер фольклортанушылардың басты мақсаты аңыздардың сюжеттік құрылымы мен тақырыптық түрлерін зерттеу болса, лингвистердің мақсаты – аңыздардағы топонимдердің ішкі формасын талдау. Алайда кейбір ғалымдар өз ғылыми жұмыстарында аңыздарда кездесетін топонимдердің шығу тегіне қатысты зерттеулерді мүмкіндігінше көп дәлелдермен жоққа шығаруға тырысады. Е.Л. Березовичтің пікірінше, Р.А. Агеева, С.З. Габисова, Т.Н. Бунчук, Л.Л. Трубе, Г.М. Пономаренко секілді ғалымдардың жұмыстарында зерттеу мәселелері – фольклорлық шығармалардағы топонимдердің рефлексиясы тұрғысынан көрініс беруі қарастырылады, бірақ топонимдердің мәдени код ретінде, элементтерінің өзара әрекеттесу динамикасын қарастыратын динамикалық аспектіде емес [1, 29]. Е.Л. Березович пікірімен келісе отырып, жоғарыда келтірген ғалымдардың тізімінен атақты ғалым зертеушілер Н.Д. Голев пен Л.М. Дмитриеваның жер-су атаулары әуел баста «бағдарлаушы белгі» ретінде пайда болып, «адам санасындағы географиялық шынайылықтың көрінісі береді» [2, 42] деген бағамдауын келтіреміз. Біздің ойымызша, Е.Л. Березовичтің айтқысы келгені – фольклорлық шығармалар мен географиялық атаулар жүйесі арқылы берілетін этномәдени ақпараттың нақты нұсқасы іс жүзінде зерттелмегені деп ойлаймыз.

Ал, отандық ғалымдар Т. Жанұзақов, Қ. Рысберген, Ә. Әбдірахманов, Г. Мәдиева тарапынан топонимдер онтологиялық тұрғыда зерттеліп келді. Ғ.Қоңқашпаев, Е. Қойшыбаев, К. Байпақов, С. Абдрахманов, Е. Керімбаев, А. Горбунов, Қ. Сапаров секілді ғалымдар топонимдердің шығу тегі мен аталу себептерін анықтаған. Қазіргі таңда фольклор мен топонимиканың байланысын Ә. Қайдаров, Қ. Саттаров, Б. Рахымов, А.Ш. Пангереев зерттеулерінен табуға болады.

Фольклорлық жанрлардың ішіндегі ең ерекшесі – аңыз. Осы кезге дейін ауызекі прозалық шығармалардың барлығы толығымен аңыз жанрына жатқызылып келген. Бірақ, бұл теорияны көрнекті фольклортанушы-академик С. Қасқабасов жоққа шығарып, фольклортану саласындағы аңыздарды жан-жақты талдап, оларды тарихи және топонимдік аңыздар деп екіге бөліп қарастырады.

Біздің ғылыми мақаламыздың мақсаты – аңыздардағы жер-судың атын анықтап, нәліктен сол аңыздардың топонимдік аңыздарға жататынын айқындау.

Топонимдік аңыздарды филологиялық тұрғыдан зерттеудің өзектілігі олардың қазіргі қоғам өміріндегі орны мен маңызының пәнаралық үйлесімділігімен байланысты. Бір жағынан, топонимдік аңыздар – фольклордың көрінісі, қоғамның рухани-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде өлкенің тарихы мен табиғатын суреттеп, әр халықтың мәдениеті мен тілдік дәстүрін сақтаса, екінші жағынан, топонимдік аңыздар «халықтық топонимиканың» бір бөлігі болып, географиялық атаулардың пайда болуын түсіндіреді және әртүрлі ауқымды деңгейдегі аумақтық жүйелермен тығыз байланыста болады. Бүгінгі таңда топонимдік аңыздарды зерттеу география, топонимика, тарих, мәдениеттану және фольклористиканың тоғысында жүзеге асырылады.

Көптеген басшыларда фольклорлық мәтіннің сюжеті мен оның сенімділік дәрежесіне қарай «топонимдік аңыз», «топонимдік хикаят» және «топонимдік миф» ұғымдарының ғылыми айырмашылықтары дәлелденген.

Топонимдік аңыздар – прозаның бастапқыда шынайылыққа мән беретін, елді мекен немесе басқа географиялық объектілер атауларының шығу тегін түсіндіретін ертегілік емес жанр. Топонимдік хикаяттар – аңыздардың халық арасында тараған көне және кең түрі. Олар белгілі бір аумақтарға бекітілген географиялық объектілер (елді мекендер, өзендер, көлдер, т.б.) туралы әңгімелейді. Топонимдік хикаяттардың басты ерекшелігі – географиялық объектілер мен елді мекендердің табиғатын, шығу тегін түсіндіреді. Топонимдік мифтер әртүрлі географиялық объектілер туралы баяндайды. Географиялық нысандардың атаулары сыртқы белгілерінің сипаттамасын, олардың халық өміріндегі маңызын қамтиды. Топонимдік мифтер – халықтың рухани және материалдық өмірінің ерекшелігінің көрінісі [3, 138]. Мифтерде тау, тас, жота, көл, өзен туралы әңгімелер бар.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Фольклористика, лингвистика және мәдениеттану объектісі ретінде топонимдік аңыздарды зерттеу тәжірибесін талдай отырып, бүгінгі күні олардың едәуір ауқымы жинақталғанын және салыстырмалы түрде зерделенгенін ресейлік ғалымдардың зерттеулерінен көруге болады.

Түркі халықтары фольклорындағы топонимдік аңыздарға тоқталмас бұрын проза туындыларына жататын аңыз жанрларының жіктелуінде, жүйелену принциптерінде, терминдік қолданыстарында бірқатар айырмашылықтар бар екенін айтып кетекеніміз жөн.

«Принципы классификации фольклорных жанров» атты мақаласында В.Я. Пропп «Жанровый состав фольклора одного народа не может быть механически перенесен на состав фольклора другого народа» [4, 37] деген пікірге тоқталған. Ғалымның бұл пікірімен Н.Т. Зарипов та келіседі, ол бұлай тұжырым жасайды: «Жанровая классификация фольклорных произведений разных народов не может быть одинаковой, в полном смысле идентичной» [5, 15]. Демек, қай халықтың болмасын фольклорының ерекшелігі оны жасаған халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігімен, әлеуметтік-мәдени дамуымен анықталады. Сондықтан қазақ, қарақалпақ және татар фольклорының жанрлары семантикалық та, терминологиялық та тұрғыдан сәйкес келе бермейді. Бұдан кез келген халықтың фольклорына тән өзіндік ерекшелік тек сол халықтың тұрмыс-тіршілігіне, болмыс-бітіміне, дүниетанымына, оның қоғамдық және мәдени дамуына негізделетіні туралы тұжырым жасауға болады.

Түркі халықтарының топонимдік кеңістігінің рухани мұрасының бір бөлігі ретінде топонимдік аңыздарды зерделеуді біз қазіргі түркологиядағы перспективалық бағыт ретінде айқындаймыз. Ғылыми жұмыстың басты материалы ретінде қазақ, қарақалпақ және татар фольклорына енген топонимдік аңыздар таңдап алынды. Берілген мақалада салыстыру, анализ жасау, жүйелеу, сипаттау, баяндау әдістері пайдаланылды.

Дерек көзі ретінде «Бабалар сөзі» жүзтомдығының сексенінші томына енген топонимдік аңыздар, «Қарақалпақ фольклоры» атты көптомдықтың 77-87-томдарына кірген топонимдік аңыздар, қарақалпақтың фольклортанушы-ғалымдары С. Бахадырова мен Қ. Мәмбетназаровтың жетекшілігімен баспаға шығарылған «Қарқалпақ аңыздары, әпсаналары хәм шешенлик сөзлери» атты ғылыми басылым, татар ғалымы Ф.Г. Гарипованың «Әлгалар дөнъясына сәяхәт» атты топонимдік аңыздар жинағы алынып отыр.

Елдің тәуелсіздігі мен өзіндік рухани әлемін көрсететін ұлттық нысандарын көпшілікке дәріптеп, оның терең пәлсапаға толы әдебиеті мен мәдениетін кеңінен таратуда және дүниетанымдары ұқсас туыстас түркі халықтары мәдениеттерін салыстырып, достықты нығайту үшін бұл құнды әрі өзекті зерттеу жұмысы болады деп сенеміз.

Талқылау мен бақылау. Түркі халықтарының фольклорынан топонимдік аңыздар мен хикаяттар сияқты жанрларды қамтитын ертегілік емес проза да үлкен орын иеленеді. Ертегіге жатпайтын прозаның ертегіден айырмашылығы – оның шындыққа негізделіп, белгілі бір жермен байланысты болуы. Топонимдік аңыздар мен әпсаналарда сюжеттік мотив әр уақытта әртүрлі болуы мүмкін, олар күнделікті ауызекі сөйлеу стилімен беріледі, оларда дәстүрлі сөз оралымдары, параллелизмдер жоқ, ертегілердегідей «басталу» және «аяқталу» формулалары, алғашқы фактілер болмайды және сол себепті еркін поэтикалық интерпретациямен беріледі. Олардың әртүрлі тақырыптары бар, олар соның ішінде мифологиялық сюжеттерді де қамтиды.

Түркі фольклорының басқа жанрлары сияқты, топонимдік аңыздар мен хикаяттардың тамыры ұзақта жатыр. XIX ғасырдың аяғынан бастап П.С. Паллас, Г.И. Спасский, В.В. Радлов, Г. Потанин, Н.Ф. Катанов, Ә. Диваев секілді ғалымдардың түркі фольклоры туралы жазған еңбектері баспаға шыға бастады. Бұл еңбектер түркі халықтарының фольклорлық сюжеттерден көрініс тапқан сенімдері мен салт-дәстүрлері туралы мәліметтерді қамтыды. Сібір мен Орта Азияның түркі тілдес халықтарының ішінде Ресей империясына экономикалық, саяси және мәдени мүдделері аймағына басқаларға қарағанда ертерек енген қазақтардың фольклоры терең зерттелген.

Түркі халықтары фольклорын жарыққа шығарудың арнайы жүйесін құрастыруға Орталық Азия ғалымдары – Қазақстаннан: М. Ғабдуллин, М. Әуезов, Ш. Ыбраев, С. Қасқабасов, Е. Тұрсынов, Е. Костюхин, Қарақалпақстаннан: Қ. Мақсетов, Н. Дәуқараев, Н. Жапақов, К. Айымбетов, И. Алламбергенова, Татарстаннан: Н. Ибрагимов, Г. Рахим, М. Васильев, С. Гилязутдинов, Ф.Г. Гарипова, Ф. Урманче өз үлестерін қосты. Бұл ғалымдар түркі фольклорын тарихи мәлімет ретінде қабылдап, салыстырмалы бағыт бойынша өз еңбектерін жариялады.

Қазақтың фольклортанушы-ғалымы С. Қасқабасов аңызды тарихи және топонимдік аңыздар деп екіге бөлген. Ғалымның пікірінше: «Топонимдік аңыздарға тарихқа негізделген деректер кездеседі. Ал тарихиларында топонимдік мотивтер кездеседі. Бұған аңыз жанрындағы шығарма ғана ұшырамайды. Сондықтан «топонимдік аңыз» атауы шартты, оған белгілі елді мекенге байланысты шығармалар кіруі мүмкін» [6, 125], – дейді. Қарақалпақ ғалымдары С. Бахадырова және Қ. Мәмбетназаров өзінің «Әрбір заттың, географиялық орындар мен тарихи қалалардың аталуында, қандай көлемде болса да, халықтың болжамдары белгілі дәрежеде шындықтан қашық болмайды» деген пікірін «Қарақалпақ аңыздары, әпсаналары және шешенлік сөзлери» атты еңбегінде айтып кеткен [7, 782]. Ғалымдардың пікірінше, аңыз бен әпсаналар өздерінің пайда болған тарихи жағдайларымен тамырлас және сабақтас болып келеді. Әрине, халық аңыздары мен әпсаналарды тарихқа негізделгеніне қарап «тарихтың нағыз өзі» деп түсінуге болмайды. Себебі ол халықтың көркем шығармашылығы болғандықтан, ондағы кейбір эпизодтар, детальдар тарихи ақпараттарға толық жауап бермейді.

Ресей ғалымы Т.Н. Дмитриева «Мифы и реальность в топонимических легендах казымских ханты» атты еңбегінде былай дейді: «Топонимдік аңыздар – ханты тарихы мен мәдениеті туралы құнды дерек көзі. Аңыздар халықтың тарихында сонау өткен дәуірде болған өзекті оқиғаларды есте сақтай отырып, нақты негізге ие болуы мүмкін және көбінесе тарихи шындық мифология мен фольклор призмасы арқылы беріледі» [8, 116].

Түркі халықтарына ортақ, оның ішінде қазақ және қарақалпақ фольклорынан орын алған әйелдердің отаншылдығы мен батырлығын дәріптейтін «Қырық қыз» эпосымен байланысты Қырық қыз аңызын талдайық.

Бұл эпостың қазақ нұсқасында бас кейіпкердің есімі – Ханшайым болса, қарақалпақ нұсқасында – Гүлайым. Екі ұлттық нұсқада да эпос басынан аяғына дейін өлең жолдарымен берілген және ортақ жер-су атаулары кездеседі. Ал татар фольклорында жауынгер қырық қыз туралы аңыз эпос түрінде емес, ертегі формасында кездеседі, бас кейіпкердің есімі – Алтынчеч. Түркі халықтарының аңыздары семантикалық жағынан көп жағдайда бірдей болмайды. Зерттеуіміздің нысаны болып отырған қазақ, қарақалпақ және татар фольклорына енген топонимдік аңыздар Қырық қыз эпосы кейіпкерлерінің қатысуымен берілген.

Қырық қыз топонимдік аңызының қазақ фольклорында екі нұсқасы бар. Бір нұсқасында ноғайлы дәуірі айтылады, яғни кейіпкерлердің бірі – қазақ жеріне жасалған басқыншылыққа қатысқан жоңғар жігіт. Аңыз сюжеті бойынша, бір байдың қызы жоңғар жігітіне күйеуге шығуға бара жатқанда, ауа райы өзгеріп, қатал қысты суреттеумен басталады. Жастар бір таудың етегіне келіп орман ағаштарынан қорған салуға кіріседі. Бұл қорғанды салуға қырық жігіт пен қырық қыз атсалысады, олар тау етегіндегі жалпақ тастардан қорғанның төрт іргесін көтереді. Қорған салған қырық қыздан суы тұнық сай қалып, соң халық бұл жерді «Қырық қыз» [9, 209] деп атап кеткен. Аңыз сюжетінде ешқандай ұрыс элементтері кездеспейді.

Аңыз халық арасында ауызша өмір сүргендіктен, оның сюжетінде негізгі идея сақталса да, уақыт өтуімен, жыраулар тарапынан өзгеріп отырады және түрлі варианттар пайда болады [10, 51]. Сондықтан да «Қырық қыз қала» туралы аңыздың қазақ фольклорында бірнеше нұсқалары кездеседі

«Қырық қыз» аңызының екінші нұсқасы да жоңғар шапқыншылығына байланысты болды. Аңыз Өгем деген жердің патшасы Мансурдың өте адал елбасшы екенін суреттеумен

басталады. Патшаның елі молшылықта және тыныш өмір сүрсе де, оның үлкен қайғысы бар екен. Мансурдың бәйбіше мен тоқалдарынан ұлы болмай, керісінше, қырық қызы болады. Бір күні еліне жоңғарлардың басып алу мақсатымен келе жатқанын естіген патша қыздары мен әйелдеріне елден көшіп кетуге бұйрық береді. Олар екі күн жол жүріп бір жерге келіп тоқтайды. Таңертең жаудың қуып келе жатқанын естіген Мансур патшаның қыздары мен әйелдері өз елінің талқандалғанын сезеді. Араларында жауға қарсы келетін бір де бір еркектің жоқтығынан қашудың пайдасы жоқ екенін түсінеді. Содан соң араларындағы жасы үлкен ана Құдайдан дұшпанға жем болмай, өздерінің тасқа айналып кетугін сұрайды. Ананың тілегі қабыл болып, олар үйі, қазан-ошағымен барлығы тасқа айналып кетеді [9, 211]. Содан ол жерді халық «Қырық қыз» тауы деп атаған екен. Екінші нұсқада қырық қыздың тағдыры аянышты аяқталады. «Қырық қыздың» тау деп аталуының себебі қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы Төлеби ауданы Өгем өзенінің жағалауындағы ғажайып тас мүсіндермен байланысты.

Көріп отырғанымыздай, қазақша нұсқада түркі халықтары фольклорының жауһары болған «Қырық қыз» эпосының кейіпкерлері ғана аталады, бірақ жоғарыда келтірілген екі нұсқада да эпостың сюжетіне тән қырық қыздың жауынгерлік, отан қорғаушылық әрекеттері туралы мүлдем айтылмайды.

Жоғарыда айтып кеткен «Қырық қыз» аңызының екі нұсқасы да тарихи шындыққа негізделмеген, нақты тарихи дерек жоқ. Қалмақтың қазақ жеріне басып кіруі, жалпы фон болса да, сенімді баяндалып отыр. Себебі, ондай ұрыстардың болғанын барлығы тарих беттерінен біледі, сондықтан сеніммен қарайды. Мекен мен тау атының Қырық қыз қойылу себебі мифтік мотивке (құбылушылық) байланысты. Бұл аңыздың бірінші нұсқасы мөддір суы бар сайдың пайда болуымен аяқталса, екінші нұсқаның, бастамасы жағымды сипатта болғанымен, жалпы мазмұны қайғылы оқиғаға құрылып, әйелдердің тасқа айналуымен аяқталады. Жердің аталуына байланысты болғандықтан топонимдік аңызға жататын туынды танымдық қызмет атқарып отыр.

«Топонимдік аңыздың екінші түріне жер-су, мекен атын нақты бір тарихи фактіге қатысы жоқ, бірақ жалпы шындыққа саятын оқиға арқылы баяндайтын, сондай-ақ белгілі бір жер-судың пайда болуын ешбір мифтік ұғымға байланыстырмай, қиялға негізделе әңгімелейтін шығармалар жатады. Бұл аңыздардың мазмұны көбіне қайғылы болады, әңгіме кенеттен аяқталып, оқиға күрт үзіледі, ал кейіпкерлер бақытсыз жағдайға душар болады» [11, 151] – дейді С.Қасқабасов. Сондықтан да біз бұл аңызды топонимдік аңыздар қатарына кіреді деп ойлаймыз.

Енді «Қырық қыз қала» атты аңыздың қарақалпақ нұсқасын талдайық. Бұл аңыз «Қарақалпақ фольклоры» көптомдығының 77-87-томдарына енген [12, 184]. Аңыз бірден қарақалпақ халқының бір бөлігі Көне Үргеніштен Арал теңізінің жағасына көшіп кетуінің себебін айтумен басталады. Сол халықтың балық шаруашылығымен айналысқаны суреттеліп, аңыздың бас кейіпкері Мүйтен руының Мирен деген кісі туралы айтылып кетеді. Аңыздың бас кейіпкері Мирен өте ұқыпсыз, жалқау, ал оның жұбайы еңбекқор және ақылды әйел болады. Арал бойына көшіп келгеннен кейін әйелінің еңбекқорлығы арқасында Миреннің жағдайы жақсарады және қызды болады. Көне Үргеніште жарлы болған Мирен Аралға келіп гүлденеді, сол себепті қызының есімін Гүлайым қояды.

Арадан жылдар өтіп Гүлайым ақылына көркі сай, ержүрек, батыр болып бой жетеді. Гүлайымның ақылы мен көркіне тәнті болған қалмақ ханы оны тоғызыншы тоқалы етіп алғысы келеді. Гүлайым қалмақ ханына үш шарт қояды, шарттардың бірі – ханның Гүлайыммен жекпе-жек күреске шығуы еді. Ал ханның әскерлері Гүлайымның құрбылары – қырық қызбен күресулері тиіс еді. Шарттардың үшеуін де орындай алмаған қалмақ ханы өз еліне барып, Гүлайымның еліне іріткі салып, елін оған қарсы қояды. Елінен қудаланған Гүлайым өзінің қырық құрбысына көш болып елін тастап кетеді.

Елінен тыс жүріп талай шайқастарда жеңіске жеткен Гүлайым мен қырық қыздың аты әлемге танылады. Гүлайым мен қырық құрбысының елден кеткенін пайдаланып, қалмақтың ханы шабуыл жасайды. Қалмақтарды қырған Гүлайым мен оның құрбылары

елдің құрметіне қайта ие болып, елінде қалады. Жеңілгенін естіген қалмақ ханы ішқыста болып, ақыры өледі. Қалмақтарды жеңгеннен кейін қырық қыз елде қалып, ал Гүлайым болса Арыслан есімді бөлесіне тұрмысқа шығып, Түркістанға көшеді. Қазіргі «Қырық қыз» деген жер Қарақалпақстанның солтүстігіндегі Еликқала ауданында орналасқан.

Бас кейіпкердің оңайлықпен берілмей шарт қою мотиві – түркі фольклорына жататын барлық туыңдыларға тән тұрақты мотивтердің бірі. Бұл мотив аңыздың көркемділігіне қызмет етеді [12, 117]. Жалпы, көптеген аңыздың көркемдік сипаты артқан сайын оның хабарлық, танымдық сипаты әлсізденіп, әпсаналық, хикаялық сипат арта түседі. Қырық қыз аңызының қарақалпақ нұсқасында осындай белгілер анық байқалып отыр. Шарт қою және оны орындай алмау мотиві «Қырық қыз» туралы аңыздың қарақалпақ нұсқасында жоңғар патшасына Гүлайымның қойған үш шарты тұсында көрінеді.

Татар фольклорында сюжеті бойынша қарақалпақтың «Қырық қыз» дастанына ұқсас келетін Болгар ханшайымы Алтынчеч (Алтыншаш) туралы аңыз бар. Бұл аңызда қырық қыздың жауынгерлігі суреттеліп, үлкен уақыт аралығы бар екі дәуір айтылады: моңғол ханы Батудың батыс жорығы кезінде Еділ Бұлғарының құлауы және Темірланның Алтын Орданы басып алуы.

Аңыз сюжеті бойынша Темірлан Бұлғар елін басып алғаннан кейін Абдулла патша мен оның отбасы Бұлғар астанасының тастан салынған қорғандарының біріне бекінеді. Ашулы Темірлан қорғанның айналасын бөренелермен толтырып, өртеп жібереді. Қорғанға бекінген барлық адамдар өртеніп кетеді де, ханның Алтынчеч есімді кіші қызы қорғанның төбесіндегі тесік арқылы шығып үлгереді. Темірлан оның ақ шапан киіп, қызыл жалынның алдында қорықпай тұрғанын көріп, қыздың батылдығына, шешімділігіне және ерекше сұлулығына таң қалып, бірден отты сөндіруді бұйырды. Алаулаған от жалыны басылған соң, Алтынчечті өзінің бәйбішесі етіп алатынын, көпшілік алдында тұрып жариялайды. Бірақ ханшайым қанішердің әйелі болуға келіскенше, жардан құлап өлгенін жөн санап жауап береді. Ашуланған Темірлан тұтқынға алынып, өлім жазасына кесілген екі ағасын алдына әкелуді бұйырады. Ханның алдындағы темір кісенте оралған екі бауырын көрген ханшайымның жүрегі езіліп, түрі бозарып кетеді. Бауырларының бостандығы үшін ханның бәйбішесі болуға келіскен ханшайым ханға шарт қояды. Ханшайымның екі ағасы босатылып, қазанатқа мініп, қарындасының соңғы дидарын көрген соң бір мезетте көзден ғайып болады. Ағаларының аман қалғанына көз жеткізген Алтынчеч сөніп үлгермеген отқа түсіп, қаза болады. Қарындасының қаза болған жеріне ағалары қазіргі Татарстанның астанасы, Казанка өзенінің бойына Қазан қаласын салған екен [13, 34]. Көріп тұрғанымыздай, шарт қою мотиві тек қарақалпақ және татар нұсқаларында кездеседі. Себебі, аңыз сюжетін ары қарай дамыту мақсатында «авторлар» аңыз оқиғасын деректі және сенімді етіп баяндайды. Қазақ нұсқасының ерекшелігі – аңыздың басты идеясы мекеннің атын түсіндіру [14, 296].

Бұл аңызда Татарстан астанасы Қазан топонимінің қалай пайда болғанын түсіндіріп тұрса да, негізгі өзек – Темірланның Бұлғар мемлекетін басып алуы, ханды өлтіруі. Бұл аңыздың татар нұсқасында қазақ пен қарақалпаққа қарағанда тарихи дерек сақталған. Бұған себеп аңыздың бас кейіпкерлерінің бірі – Темірлан, Бұлғар мемлекетінің патшасы Абдулла және жоңғар ханы Бату.

Татардың топонимдік аңыздарының бірі Қыз тау (Девичья гора) деп аталатын тау атымен байланысты. Бұл аңыздың бас кейіпкерлері – тарихи тұлғалар: Темірлан және Алтынчеч есімді Бұлғар ханшайымы. Бұл жоғарыда айтып кеткен Алтынчеч ханшайым туралы аңыздың екінші нұсқасы. Аңыз сюжеті бойынша Бұлғар ханшайымы өзінің қырық қыздан құралған бір топ құрбыларымен бірге әскердің киімін киіп, Бұлғардың Биләр қаласын басқыншы Темірланнан босату үшін қарсы күреседі. Өкінішке орай, жауынгер қыздар жеңіліп, тұтқындалады. Темірлан өзіне қарсы шыққандардың әйел екенін көріп ашуланып, ханшайым мен қырық қызға орамалдарымен тас пен құм тасып, тау жасауды бұйырады. Көп күн бойы қыздар тас пен құмнан тау жасап, әбден шаршап, ажалдары келгенде, аспанға жұлдыз болып ұшып кетеді [15, 43]. Қызтау орналасқан Татарстанның

солтүстігіндегі Ақсұнбай ауданының жергілікті аңызы бойынша, қыздар сол таудың төбесінде жерленген. Жергілікті халық ол жерді киелі деп есептейді екен.

Татарша нұсқаның екеуінде де аңыздың таралу ареалы оқиғаға және оның танымдық мәніне ғана емес, басты кейіпкерлер – Алтынчеч пен Темірланның кең танымалдығына да байланысты деп ойлаймыз. Жоғарыдағы екі ұлттық нұсқа да мифтік сарынға негізделген. Алайда, Қызтау аңызының бірінші нұсқасында қыздардың аспанға ұшып кетіп, жұлдызға айналуы – түркі халықтың мифологиясындағы құбылушылық сарынына саяды.

Нәтижелер. Бүгінгі таңда топонимдік аңыз – халықтың рухани қазынасы, мәдениетінің бір бөлігі, ақпарат тасымалдаушысы және жеке тұлғаны тәрбиелеудің маңызды құралы. Түркі халықтарының территориялары мен ауқымды мифологиялық кеңістігінде топонимдік аңыздарды мынадай негізгі белгілері мен қасиеттеріне қарай ажыратуға болады:

- атау семантикасын түсіндірудің айқын дәлелсіздігі немесе аңызда сипатталған оқиғаның, құбылыстың және т.б. шынайылығын тексерудің мүмкін еместігі; әдетте, топонимдік аңыздарда нақты дәлел болмайды және ауызша дәстүрлер мен жорамалдарға негізделеді, бірақ көбінесе олар аймақ немесе елді мекен үшін маңызды оқиғаны, өсек-аяңға, ертегіге, мифке толы оқиғаны көрсетеді;

- географиялық анықтама, яғни атаудың нақты географиялық объектісімен тығыз байланыстың болуы. Топонимдік аңыздар жер бедері атауларының, гидрологиялық объектілердің, елді мекен атауларының т.б. шығу тегін түсіндіреді;

- сюжеттілік; топонимдік аңыз – әлеуметтік мәнге ие тұжырымдары бар, аяқталған шағын әдеби шығарма.

- белгілі бір әлеуметтік маңызды мақсатты орындау: тәрбиелеу, ақпарат беру, есімге деген қызығушылықты қанағаттандыру, назар аудару және т.б.

- халық шығармашылығына жататындығы, яғни топонимдік аңыздың авторы бір адам емес, халық болғандықтан, көбінесе әрбір жаңа әңгімеші мазмұнға саналы немесе бейсаналы түрде өзінше бір нәрсе қосуы немесе ондай әңгіменің кейбір бөліктерін өзгертуі мүмкін.

Қорытынды. Түркі халықтарының ертегі емес прозасында фольклорлық, тарихи-этнографиялық зерттеулер жүргізу үшін бірегей материалды бейнелейтін ерекше сюжеттер өте көп, өйткені оларда тарихи оқиғалар, мифология, дәстүрлі мәдениет бейнеленген. Соны мен қатар, түркі халықтарының географиялық нысандар аттарына байланысты аңыздардың басқа халықтарға қарағанда мол екендігін байқауға болады.

Заманауи ғылымда топонимдік аңыздарды ғасырлар бойы адамдардың қоршаған ортаның ерекшеліктерін жеке атаулар арқылы түсіндіру әрекетінен қалыптасатын «мифологиялық кеңістіктің» бөлігі ретінде қарастыру бар. Топонимдік аңыздар атабабадан «мұра» болып қалған, жергілікті халыққа түсініксіз атауларды түсіндіру әрекетінің нәтижесінде туындайды. Мұндай түсіндірмелер лирикалық детальдармен байып, өзінің халықтық (жергілікті және аймақтық) ортасында күмән тудырмайтын, әлеуметтік мәні, тұжырымдары бар, дайын әдеби шығармаларға айналады. Жалпы, «топонимдік аңыз» ұғымы географиялық нысандар атауларының шығу тегін түсіндіруге бағытталған ауызша халық шығармашылығының жанры ретінде түсіндіріліп, «халық этимологиясының» жарқын үлгісі болып табылады.

Осылайша, топонимдік аңыз халықтың ғасырлар бойы қоршаған ортаның ерекшеліктерін, белгілі бір палеотопонимдерді түсіндіру әрекетінде жасаған мифологиялық кеңістіктің бір бөлігі деген қорытынды жасауға болады. Олар – өлке топонимикасының, халық мәдениетінің құрамдас бөлігі, шығармашылық өнімі, сондықтан топонимика, фольклортану және мәдениеттану әдістерін қатар пайдалана отырып зерттелуі керек. Ресми топонимика геокеңістіктегі нысандардың географиялық атауларын жалған, объективсіз түсіндіру ретінде қабылдаса да, топонимдік аңыздардың сюжеттері фольклорға тән өзіндік ғылыми категория ретінде ерекше назар аударуға тұрарлық.

Әдебиеттер:

1. Березович Е.Л. Русская топонимия в этнолингвистическом аспекте: Пространство и человек / Под ред. А.К. Матвеева. – М.: Либроком, 2009. – 328 с. URL: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/39169/1/vtop_19_08.pdf
2. Voribayeva G.A., Madiyeva G. B., Medetbekova P.T., Mambetov K. S., & Ingamova J. G. Peculiarities of toponymic reflexes of Kazakhstan. *XLinguae*, 11(1), 2018. – P. 342-353. DOI: <http://dx.doi.org/10.18355/XL.2018.11.01.29>
3. Пятникова Т.Р. Топонимические предания и легенды как основа названия местностей Полноватского Приобья. *История: факты и символы*, 3, 2020. – С. 136-145. DOI: <https://doi.org/10.24888/2410-4205-2020-24-3-136-145>
4. Пропп В. Принципы классификации фольклорных жанров // В кн: *Фольклор и действительность*. – М.: Наука, 1976. – 330 с.
5. Зарипов Н. Научный свод башкирского фольклора // *Башкирский фольклор: исследования последних лет*. – Уфа: БФАН СССР, 1956. – 136 с.
6. Олжабаев Б.К., Пангереев А.Ш., Сөйлемес О. Түркі халықтары фольклорында туған жерді кие түту мотивтері. *Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы*, № 4/2023. – Б. 266-280. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.18>
7. Калбаева Г.С. Мотив чудесного рождения в каракалпакских народных легендах и его исторические основы // *Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика*, Т.9 №3. – 2018. – С. 774-786. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2018-9-3-774-786>
8. Дмитриева Т. Н. Мифы и реальность в топонимических легендах казымских ханты // *Этимологические исследования*. Вып. 7. – Екатеринбург: Академкнига, 2001. – С. 147–153.
9. *Бабалар сөзі: Жүзтомдық*. – Астана: Фолиант, 2011. – 416 б.
10. Kenbayeva A.Z., Bekmasheva A.N., Umarova G.S., Shakirova K.M., Tuimebekova A.A. Functioning of Toponymic Lexis in Turkic Epic Literature. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 8(3), 2022. – P. 45-54. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.803004>
11. Қасқабасов С.А. Қазақ халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
12. *Қарақалпақ фольклоры*. Т. 77–87. – Нөкіс: Илим, 2014. – 560 б.
13. Жақтай А.М., Жүсіп Н.Қ., Қадырова Б.М. Асан Қайғы туралы аңыздардағы мотивтер. «І Ж. Әбділдин оқулары» атты Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның жинағы. – Павлодар: С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2013. – Б. 270- 288.
14. Kenbayeva A.Z., Soylemez O. The place of toponyms in folk prose genres (on the example of regional toponymic legends). *Journal «Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL» series «Philological sciences»*. №2. – 2022. V. 65. – P. 291–302. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.022>
15. Гарипова Ф.Г. *Әлгалар дөңьясына сәяхәт*/ Ф.Г.Гарипова. – Қазан: Татар. кит. нәшр., 1992. – 62 б.

Ш. АБИШЕВА

Каспийский государственный университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова,
Актау, Казахстан

А.З. КЕНБАЕВА

Западно-Казахстанский университет имени М. Утемисова, Уральск, Казахстан

М.Б. АБДИМАНАПОВА

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

**ТОПОНИМНЫЕ ЛЕГЕНДЫ КАК ОСОБЫЙ ЖАНР НЕСКАЗОЧНОЙ ПРОЗЫ
(НА ПРИМЕРЕ ТОПОНИМИЧЕСКИХ ПРЕДАНИЙ ТЮРКСКИХ НАРОДОВ)**

Аннотация. Данная статья посвящена изучению топонимических легенд тюркских народов как жанра несказочной народной прозы, уникальных фольклорных мотивов о причинах наименования отдельных топонимических объектов. Топонимические легенды, являясь ярким примером народной этимологии, отражают менталитет сочинившего их народа, содержат сведения о топонимах, которые несут историческую, географическую и этнокультурную информацию.

Целью данной научной работы является определение названия географических объектов в легендах казахского, каракалпакского и татарского народов, выяснение, почему эти легенды относятся к топонимическим.

В процессе исследования легенд тюркских народов выявлено, что многие топонимические легенды связаны с именами исторических и известных в народе личностей, которые являются сюжетообразующим компонентом. Сюжеты в топонимических легендах считаются одномотивными, однако содержат фантастические элементы. В топонимических легендах по сравнению с историческими легендами имеется четкая сюжетная структура, присутствуют время и местоположение события и ориентировка на исторические факты.

Представленные в работе результаты, полученные методом сравнительного анализа, а так же анализа историй об именовании отдельных топонимических объектов, важны тем, что передают древние названия различных местностей, находящихся в настоящее время на территории тюркоязычных стран. Материалом для исследования послужили образцы легенд, опубликованные в различных изданиях казахского, каракалпакского и татарского фольклора.

Ключевые слова: топоним, фольклор, топонимические легенды, топонимический сюжет, историческая легенда, историческая личность.

SH. ABISHEVA

Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan

A.Z. KENBAYEVA

M. Utemisov West Kazakhstan University, Aktobe, Kazakhstan

M.B. ABDIMANAPOVA

Dulaty Taraz regional university, Taraz, Kazakhstan

**TOPONYMIC LEGENDS AS A SPECIAL GENRE OF NON-FAIRY FOLK PROSE
(ON THE EXAMPLE OF TOPONYMIC LEGENDS OF TURKIC PEOPLES)**

Annotation. This article is devoted to the study of toponymic legends of Turkic peoples as a genre of non-fairy folk prose, unique folklore motifs about the reasons for naming certain toponymic objects. Toponymic legends, being a vivid example of folk etymology, reflect the mentality of the people who composed them, contain information about toponyms that carry historical, geographical and ethno-cultural information.

The purpose of this scientific work is to determine the names of geographical objects in the legends of Kazakh, Karakalpak and Tatar peoples, to find out why these legends belong to toponymic ones.

The study of legends of Turkic peoples revealed that many toponymic legends are associated with the names of historical and popularly known personalities, who are the plot-forming component. The plots in toponymic legends are considered uni-motivated, but contain fantastic elements. Compared to historical legends, toponymic legends have a clear plot structure, time and location of the event and orientation on historical facts.

The results presented in this paper, obtained by comparative analysis, as well as by analyzing the stories about the naming of individual toponymic objects, are important because they convey the ancient names of various places currently located in the territory of Turkic-speaking countries. The material for the study were samples of legends published in various editions of Kazakh, Karakalpak and Tatar folklore.

Key words: toponym, folklore, toponymic legends, toponymic plot, historical legend, historical personality.

References

1. Berezovich E.L. Russkaja toponimija v jetnolingvisticheskom aspekte: Prostranstvo i chelovek / Pod.red. A.K. Matveeva. Izd-vo 2-e, ispr. i dop. – M.: Librokom, 2009. – 328 s. DOI: https://elar.urfu.ru/bitstream/10995/39169/1/vtop_19_08.pdf
2. Boribayeva G.A., Madiyeva G. B., Medetbekova P.T., Mambetov K. S., & Ingamova J. G. Peculiarities of toponymic reflexes of Kazakhstan. *XLinguae*, 11(1), 2018. – P. 342-353. DOI: <http://dx.doi.org/10.18355/XL.2018.11.01.29>
3. Pjatnikova T.R. Toponimicheskie predanija p legendy kak osnova nazvanija mestnostej Polnovatskogo Priob'ja. *Istorija: fakty i simvoly*, 3, 2020. – S. 136-145. DOI: <https://doi.org/10.24888/2410-4205-2020-24-3-136-145>
4. Propp V. Principy klassifikacii fol'klornyh zhanrov // V kn: *Fol'klor i dejstvitel'nost'*. – M.: Nauka, 1976. – 330 s.
5. Zaripov N. Nauchnyj svod bashkirskogo fol'klora // *Bashkirskij fol'klor: issledovanija poslednih let*. – Ufa: BFAN SSSR, 1956. – 136 s.
6. Oljabaev B.K., Pangereev A.Ş., Söilemes O. Türki halyqtary föklorynda tuğan jerdı kie tütu motivteri. *Eurazia gumanitarlyq institutynyñ habarsysy*, № 4/2023. – B. 266-280. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.18>
7. Kalbaeva, G.S. Theme of Miraculous Birth in Karakalpak folk Legends and its historical bases. *RUDN Journal of Language Studies, Semiotics and Semantics*, 2018, 9(3). – P. 774-786. DOI: <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2018-9-3-774-786>
8. Dmitrieva T.N. Mify i real'nost' v toponimicheskikh legendah kazymskih hanty // *Jetimologicheskie issledovanija. Vyp. 7*. – Ekaterinburg: Akademkniga, 2001. – S. 147–153.
9. Babalar sözi: Jüztomdyq. – Astana: Foliant, 2011. T. 80: Toponimdik aңызdar. – 416 b.
10. Kenbayeva A.Z., Bekmasheva A.N., Umarova G.S., Shakirova K.M., Tuimebekova A. A. Functioning of Toponymic Lexis in Turkic Epic Literature. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, 8(3), 2022. P. 45-54. DOI: <http://dx.doi.org/10.32601/ejal.803004>
11. Qasqabasov S.A. Qazaq halyq prozasy. – Almaty: Čylym, 1984. – 272 b.
12. Qaraqalpaq föklory. T. 77–87. – Nökis: İlim, 2014. – 560 b.
13. Jaqtai A. M., Jüsip N.Q., Qadyrova B.M. Asan Qaiğy turaly aңызdardağy motivteri. «I J. Äbdildin oqlary» atty Respublikalyq ğylymi-praktikalyq konferensianyñ jinağy.– Pavlodar: S. Toraiğyrov atyndağy PMU, 2013. – B. 270-288.
14. Kenbayeva A.Z., Soylemez O. The place of toponyms in folk prose genres (on the example of regional toponymic legends). *Journal «Bulletin of Ablai Khan KazUIRandWL» series «Philological sciences»*. №2 – 2022. V. 657 – P. 291–302. DOI: <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.65.2.022>
15. Garipova F.G. Jelgalar dön'jasyna säjahät/ F.G.Garipova. – Qazan: Tatar. kit. näshr, 1992. – 62 b.

Автолар туралы мәлімет:

Абишева Шарапат Сабитовна – филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий Технологиялар және Инжиниринг Университетінің қауымдастырылған профессоры, Ақтау, Қазақстан.

Абишева Шарапат Сабитовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Каспийского университета технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, Ақтау, Казахстан.

Abisheva Sharapat Sabitovna – Candidate of Philological Sciences, associate professor of Sh. Yessenov Caspian University of Technologies and Engineering, Aktau, Kazakhstan.

Айнур Зинеловна – филология ғылымдарының магистрі, Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан.

Кенбаева Айнур Зинеловна – магистр филологических наук, Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова, Уральск, Казахстан.

Kenbayeva Ainur Zinelovna – Master of Philology, Makhambet Utemisov West Kazakhstan University, Uralsk, Kazakhstan.

Абдиманапова Мереке Бакбергеновна – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің аға оқытушысы, Тараз, Қазақстан.

Абдиманапова Мереке Бакбергеновна – старший преподаватель Таразского университета имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан.

Abdimanapova Mereke Bakbergenovna – Senior Lecturer of Taraz University named after M.X.Dulati.